

ындау: теориясы және практикасы / Қ. Бөлеев. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – Б. 77.

4. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие / Ә. Табылдиев. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – Б. 55.

5. Боданов Ж.Қ. Қазақтың халық педагогикасы / Ж.Қ. Боданов, Қ. Бөлеев. – Жамбыл; 1993. – Б. 48.

6. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: оқу құралы / Ж. Әбиев. – Алматы: Дарын, 2007. – Б. 56.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.Ә., *Aleumettik jekonomikalyq zhanqyrtu Qazaqstan damuynyn basty baqyty. Qazaqstan halqyna 2012 zhylqy Zholdauy.* N.Ә. Nazarbaev. Astana, **2012** (in Kaz).

2. *Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylqa dejingi bilim berudi damytu tuzhyrymdamasy.* Almaty, **2003** (in Kaz).

3. Boleev Q., *Bolashaq muqalimderdi oqushylarqa ulttyq tarbie beruge kasibi dajyndau. Teorijasy zhane praktikasy.* Q. Boleev. Almaty, *Nurly Alem*, **2004**, 304 (in Kaz).

4. Tabyldiev A., *Qazaqtyn halyq pedagogikasy zhane tarbie.* A. Tabyldiev. Almaty, *Qazaq universiteti*, **1991**, 122 (in Kaz).

5. Bodanov Zh.Q., *Qazaqtyn halyq pedagogikasy.* Zh.Q. Bodanov, Q. Boleev. *Zhambyl*. **1993**, 122 (in Kaz).

6. Abiev Zh., *Pedagogika tarihy, oqu quraly.* Zh. Abiev. Almaty, *Daryn*, **2007**, 480 (in Kaz).

ӘОЖ 373.3

Е.Р. САҒЫНБЕКОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАЗУ ЖӘНЕ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл мақалада автор бастауыш сыныптардың ағылшын тілі сабақтарында жазу және оқу дағдыларын дамыту жолдарын, дұрыс жазу ережелерін, оқу ережелерін, сондай-ақ ерте жастан шет тіліне оқытудың психологиялық ерекшеліктерін қарастырған. Оқушыларға жазуды, оқуды үйретудің ережелерін және оқыту барысында қолданылатын жаттығу түрлері туралы айтылған.

Түйін сөздер: шет тілін ерте жастан оқыту, жазу дағдысы, оқу дағдысы.

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

В статье автор рассматривает пути формирования навыков чтения и письма, правил правописания, правил чтения, а также психологические особенности раннего обучения иностранному языку на уроках английского языка в начальной школе. Речь идет о правилах обучения письму, чтению и видах упражнений, используемых в ходе обучения.

Ключевые слова: ранее обучение к иностранному языку, навыки чтения, навыки письма.

FORMATIONS SKILLS OF READING AND WRITING ON ENGLISH LESSONS AT PRIMARY SCHOOL

In the given article the authors examines ways of formation writing and reading skills, rules of spelling, rules of reading and also psychological features of early learning to a foreign language on English lessons at primary school.

It is about rules training to the writing and reading and the types of exercises used in the course training

Keywords: earlier learning to a foreign language, skills of reading, writing skills.

Қазіргі қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайда дамуда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біз алдағы уақытта осы алған бағытымыздан таймай әлемдік биіктерді бағындыра беретін боламыз. Сондай биік белестердің бірі – Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруі. Ол мақсатқа жету үшін, ең алдымен, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болу керек», – деген болатын. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты – білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, қазіргі жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімін, қажетті дағдыларын тиімді түрде жүзеге асыратын және еркін бағдарлайтын, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға дайын қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру [1].

Сонымен қатар осы мақсатқа жету жолында тіл мәселесін сөзге тиек ете отырып, жаңа ұрпақ ең кем дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білу тиіс екендігін айтты. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі, сонымен қатар халықаралық қатынаста қолданылатын ортақ тіл болып отыр. Қазіргі кезде мектеп оқушылары алдында ағылшын тілінде еркін сөйлеу мақсаты тұр. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі, ағылшын тілін жетік меңгертуді талап етеді.

Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, олардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік беріп, бірден көп

тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Бүгінгі таңда ағылшын тілін білу – уақыт және заман талабы. Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді меңгерген жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бастауыш сынып-барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең де, соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, қандай тіл болмасын өте тез игеріп кете алады. Шет тілін ерте жастан оқытудың қажеттілігі мәселесі жөнінде Ю. Протасовой, А.А. Леонтьевым, Г.В. Роговой, Е.И. Негневицкой, Е.Н. Никитенко, Е.А. Ленской, М.З. Биболетовой сынды орыс ғалымдары өз пікірлерін білдірсе, В. Пенфилдом, Л. Робертсом, Э. Пулгрэммом сияқты шет елдік ғалымдардың тәжірибесінде дәлелденген болатын.

Үш тұғырлы тілді алға ұстаған қазіргі кезде біздің еліміз кейбір мектеп қабырғасында ағылшын тілін бірінші және үшінші сыныптан бастап өтуді негіз етіп отыр. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен, әрине, ағылшын тілін меңгеру бастапқы кезеңде оқушыларға біршама қиындықтар туғызуы мүмкін.

Ағылшын тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, сонан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтып, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік береді. Белгілі ғалым Н.Д. Гальдскованың айтуы бойынша, кіші сынып оқушылары шетел тілдерін меңгеруге өте бейім. Баланың имитациялық қабілеттері, табиғи қызығушылығы әрқашан жаңаны меңгеруге қолайлы жағдай жасайды [5]. Ал сабаққа деген қызығушылық – жақсы үлгерімнің негізгі шарты.

Сенситивті кезеңнің ұзақтығын әр автор әртүрлі сипатайды: Пенфилд пен Робертс бұл кезеңді 4 жастан бастап 8 жасқа дейін деп белгілесе, Элиот 1,5 жастан бастап 7 жасқа дейін деп көрсетеді.

Тілдерді меңгеру үшін ең қолайлы кезең ретінде 4-5 жас аралық екендігін мамандар атап көрсетуде. Психологтер (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.А. Леонтьев, Б. Уайт, Дж. Брунер, В. Пенфильд, Р. Робертс, Т. Элиот) бала төрт жасынан бастап ересек адамға қарағанда шет тілдерін оңай меңгере алатынын пайымдайды [2, 3].

Осы жаста тілдік материалды есте сақтауы берік болады, фонематикалық естудің жоғары деңгейі белгіленеді. Шет тілді меңгеруде үзіліс болса да, меңгерілген дағдылар ұзақ уақытқа дейін сақталатын болады. Мектепке дейінгі жастағы меңгерілген сөйлеу жылдам қалпына келетіндігі белгілі.

Бастауыш сынып оқушыларының басқа тілді меңгеруі (қазақ, орыс, ағылшын негізгі ана тілге байланысты) өз ерекшеліктері бар, олар осы жас аралығындағы

балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерінде негізделеді. Бастауыш сынып оқушысы дегеніміз ол – 6-10 жас шамасындағы кіші мектеп оқушысы. Дәл осы жаста оқушылардың тіл және сөйлеу қабілеттерінің негізі қаланады. Көптеген зерттеушілердің ойынша 6 жас шет тілін меңгеріп бастау үшін өте қолайлы жас екенін және бұл Еуропаның кеңесі халықаралық семинарында да атап көрсетілген екен (Австрия, 1998). Психологтердің пайымдауынша, бастауыш сынып оқушыларының қабылдауы, есте сақтауы мен зейіні еріксіз сипатта болады. Балалар өз қабылдау үдерісін басқара алмайды, кез келген затты өздігінен талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы ерекше фотографиялық қасиетке тән, бірақ, сонымен қатар, қабылданатынның барлығын кейін қолдануды олар ойланбайды.

Әр жастың өзіндік жетекші іс-әрекеті болатыны барлығына мәлім. Алты жасар бала осыған дейінгі іс-әрекеті ойыннан оқу процесіне өтеді. Балалардың 9-10 жасына дейінгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, ойын шет тілін меңгеруде өзіндік рөлін сақтап қалады.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың маңызы мен ерекшелігі – оқушыда оқу мен жазу дағдысының негізін қалау, оқушыларда сөздік, дыбыстық құрылым туралы түсінік қалыптастыру, әріп таныту, мәтінді мәнерлі оқуға үйрету, салауатты, көркем жазу негізін қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту.

Жазу – ағылшын тілін оқытудағы қиын және маңызды іскерлік, жазу арқылы оқушылар ағылшын тіліндегі әріптерді, дыбыстарды қолдануға үйренеді, сөз қорын кеңейтеді, сөйлеу, оқу, тыңдап түсіну іскерліктерін дамытады. Жазу іскерлігіне каллиграфия, орфография және шығарма кіреді. Жазу өте қиын іскерлік болғандықтан, оны төмендегі бірліктерді дамыту арқылы үйрету керек:

- ағылшын әріптерін жаза алу біліктілігі;
 - дыбыстарды әріптерге немесе әріптер қосындыларына өзгерте алу біліктілігі;
 - сөздердің, фразалардың, сөйлемдердің орфографиясын түзей алу біліктілігі;
 - өздерінің ойларын жеткізу үшін әртүрлі жаттығулар жасай алу біліктілігі.
- Төмендегідей факторлар жазу біліктілігін дамытуға өте қажет:
- дыбысты, сөзді, фразаны немесе сөйлемді тыңдау арқылы қабылдау;
 - жазылып жатқан дыбыстың, сөздің, фразаның және сөйлемнің айтылу жолдарын /артикуляциясын/ білу;
 - айтылып жатқан әріптерді, әріп қосындыларын көзге елестете алу;
 - жазу әрекетіндегі қол бұлшық етінің жұмысы.

Сонымен жазуға көз, құлақ, бұлшық ет, қолдың бұлшық еті, тіл, көмей қатысады. Ақтық маңызды факторлардың бірі – дұрыс жазудың қалыптасуы үшін керекті ережелерді білу [4].

Жазу мемлекеттік тілде оқытылатын балаларға қиын емес, себебі бұл

әріптер мемлекеттік тілде кездеседі. Ал s, r, l, g, f, q сияқты әріптер таныс емес болып көрінеді. Сондықтан сабақ үстінде бұл әріптерді дұрыс жазғызу үшін көп жаттығулар жасау керек.

Оқушылардың ағылшын сөздерін қолды үзбей бір-біріне тіркестіріп жазуы қиын, сондықтан кішкентай әріптерді қолын алмай жазғызу үшін көп жаттығу керек.

Мемлекеттік тілде оқытылатын балаларға ағылшын орфографиясы көп қиыншылық келтіреді.

Әртүрлі сөздердегі әртүрлі әріптердің немесе әріптер қосындыларының оқылуы кейде бірдей болады:

Eye – I

Road – rode

Write – right

Tale – tail

Әріптердің кейбір сөздерде оқылуы, ал кейбір сөздерде оқылмауы біршама қиындықтар туғызады.

Build – suit

Laugh – brought

Help – hour

Ағылшын тіліндегі әріптердің айтылуы мен орфографиясының сәйкес келмеуінің себебі ағылшын тілінде әріптерден көрі дыбыстар көп, 26 дауысты дыбыс және 6 дауысты әріп бар. Сондықтан busy, daughter, language, beautiful, foreign деген қиын сөздерге назар аудару керек. Ағылшын орфографиясын білу үшін, оның заңдылықтарын жақсы білу қажет. Оқушылар мыналарды білуі тиіс:

1) У әрпіне аяқталған сөздерге s жалғауының қосылу жолдарын:

Day – days

Stay – stays

Бірақ: city – cities, study – studies дауыстыларға «ed» жалғанады

Play – played

Carry – carried

Жазуға үйрету. Шет тілін үйретудегі өте маңызды және күрделі жұмыстардың бірі – жазу.

Ағылшын тілін жазуға үйрену дегеніміз – сол тілдің әріптік және дыбыстық жүйесін білу, оны сөйлей, айта, қолдана білу. Жазу каллиграфиядан, орфографиядан және шығарма жаза білуден тұрады. Жазуды үйрену мынадай дағдыларды білуден тұрады:

– алғашқы алфавиттің әрпін жаза білу дағдысы;

– дыбыстарды жаза білу дағдысы;

– сөз және сөйлемдер орфографиялық қателерді түзете білу дағдысы;

– әртүрлі жаттығуларды орындай білу дағдысы;

Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін мынадай негізгі факторлар талап етіледі:

- сөзді тыңдай білу;
- сөзді айта білу;
- көру факторы;
- қолдың саусақтарын дұрыс пайдалану;

Сонымен жазу процесінде адамның сезіну мүшелері – көз, құлақ, тіл, сөйлеу мүшелері қатысады.

Жазуға үйретудің жолдары. Оқушыларды шет тілінде әріптерді, сөздерді, сөйлемдерді жазуға үйрету үшін көп жаттықтыру, жақсы үлгілермен таныстыру керек.

Каллиграфияға оқытудың кезеңдері:

1 Мұғалім балаларға карточкада жазылған үлкен және кішкентай әріпті көрсетеді.

Мысалы: Bb

Карточканың бірінші бетінде әріптер жазылған болса, екінші жағында сөздер жазылады.

Мысалы: Bb – Bed, book.

2 Мұғалім тақтаға сөзді жазып көрсетіп, қиын жерлерінің жазылуын түсіндіреді. Мысалы, Q әрпін қолды қағаздан айырмай жазу керек, тек құйрығын жазғанда ғана қолды қағаздан айыруға болады, «г» әрпін жазғанда оны «v» әрпімен ұқсастырмау керек, «b» мен «d», «p» мен «q» әріптерін шатастырмау керек екенін түсіндіріп, мұғалім осы әріптері бар сөздерді жазады.

Әріптерді, сөздерді жазғанда мұғалім өзінің әр қимылын түсіндіруі керек, ал балалар сол қимылдарды бірінші ауада, содан кейін дәптерлерінде қайталайды.

3 Мұғалім балалардан әріптерді, сөздерді жазуды талап етеді, ал өзі әр балаға жақындап жазуға көмектеседі. Жазу қабілетін дамыту үшін бала үйде де әріптерді, сөздерді жазуға жаттығады.

Оқушыларды таза, жақсы жазуға үйрету үшін мұғалім өзі жақсы жаза алуы керек. Тақтадағы көрнекі құралдар да өте жақсы талапқа сай жазылуы керек.

Ағылшын тілін үйретудегі ең қиын процестің бірі – оқушыны оқуға үйрету. Себебі ағылшын тілінде 26 әріп 146 әріптік белгі бар. Егер ағылшын тілі алфавитін қазақ тілінің алфавитімен салыстырсақ ұқсас әріптер K, M, T, ал қалғандары G, H, J, R, S, W, Z әріптері мүлдем жоқ. Ал қалған әріптер A, C, H, O, Ф, У, X екі тілге де ортақ. Бірақ оқылуы әртүрлі. Оқуға үйрету тілдің әліпбиіндегі әріптерді ауыстырудан басталады. Ал ағылшын тілін үйретуде тілдің әріптер жүйесімен бірге дыбыстық жүйесін де қатар үйрену керек. Сөздің дыбыстық белгіленуі транскрипция арқылы беріледі. Оқушылар дыбыстардың ашық, үнді, дауыссыз,

дауысты екенін және дыбыстың буынның түрінде оқылу ерекшеліктерін білу қажет. Ағылшын тілінде оқытуда оқудың барлық ережесіне үйрету мүмкін емес, дегенмен кейбір ерекшеліктерін есте сақтау абзал. Оқу процесін жеңілдету үшін жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды алдын ала оқыту қажет.

I Оқыту әріпті сөзді және графеманы таныстырудан басталады. Бұл үшін карточкаларды қолдану ыңғайлы.

II Ереже бойынша оқылмайтын сөзді жеке таныстыру:

Eg-lake, plane, have, Mike

III Сөздердің сынарын таңдап алу:

Eg – does – goes, people – pupil, form – from, come – some, though – through

Оқуды үйретуде негізгі орын алатын транскрипцияны үйретуге байланысты.

Ішінен оқуда негізгі орын көруге, көзді пайдалануға беріледі. Ішінен оқыған кезде лексикалық, грамматикалық және айтуға дағдылары дамытылады.

Оқудың үш түрлі қызметі болады:

– жүйелеу, жинақтау;

– танымдылық;

– қарым-қатынас.

Ондағы негізгі мақсат – ағылшын тілін оқыту арқылы оқушының өнегелік және эстетикалық жағынан әр жақты дамыған, саяси идеялық жағынан танымды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Бүкіл оқыту барысында қатынастық бағыт бере отырып, ағылшын тілінен алған білімін іс жүзінде жоғары оқу орындарында, еңбек ету барысында пайдалануға дағдыландырады. Алайда ағылшын тілін үйрету күрделі, ол қатынастық функционалды бағытта болуы тиіс. Қай тілдің болмасын механизмін үйрену үшін мынадай екі жағдайды білу қажет:

– сол тілдің жүйесі қалай құрылған?

– оны тәжірибелік жағынан қалай меңгеру керек?

Демек, ағылшын тілінің құрылысын және оны тәжірибелік жағынан меңгеру оқу процесінде бірте-бірте қатынастық ұйымдастыру тиімді деп айтуға болады. Өйткені, қатынастық тәсіл оқу процесінің барлық жағын қамтиды: сабақ әдістерін таңдау, оны жүргізу әдістері, жолдары, сабақ мазмұнының тәрбиелік және білімдік меңгерудегі дағдысы мен қабілеті т.б.

Әртүрлі қатынастық мақсатта оқыту ағылшын тілін тәжірибелік жағынан меңгеруге ықпал жасаумен қатар оны үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Сондықтан ағылшын тілін оқыту бастауыш сыныпта ауызша сөйлеу дағдысымен есепке алынады.

XXI ғасыр мектебі түбірлі өзгерістерді талап етіп отыр. Оқушы әлемдегі жан-жақты дамыған, шығармашылықпен, өз бетінше оқи алатын тұлға ретінде көрсете алуы тиіс. Ағылшын тіліне оқыту үдерісінде пәнаралық байланыстың,

әсіресе ағылшын тілінің қазақ, орыс тілдерімен байланысы ерекше орын алады, себебі бұл пәндердің басты мақсаты – жас өспірімдерді тілге үйрету. Шет тілін оқып, үйрену бірден қалыптаса қоймайды. Өз ана тілін әлі толық меңгермеген балаға шетел тілін үйрету оңайға соқпасы анық. Бұл кезде мұғалімге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Сол үшін бастапқы сыныптарда-ақ оқушыларды түрлі тәсілдермен білім алуға үйрету керек. Бастауыш сынып – барлық білімнің қалануының негізі.

Қорыта айтқанда, шетел тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман тапсырысы болып табылады. Былтырғы оқу жылынан бастап жалпы білім беретін орта мектептерде ағылшын тілі 1-сыныптан міндетті оқу пәндерінің қатарына енді. Сол себепті де бастауыш сынып оқушыларының арасында ағылшын әліпбиін жазу, қосып оқу мәселелері туындады. Осы мәселені шешу көптеген бағдарламалар жасалып, отандық ғалымдар, мектеп мұалімдері жұмыс жасап жатыр. Ағылшын әліпбиін оқыту енді ғана ана тілінің әліпбиін меңгерген жас жеткіншек көптеген қиындықтар туғызуы мүмкін, себебі, дауыссыз дыбыстардың таңбалануы ұқсас болғанымен ағылшын тілінде оқылуы бөлек болып келеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілі сабағында жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру үшін жас ерекшеліктеріне сай көптеген ойын элементтерін қолдана отырып үйрету тиімді деп есептеледі. Шет тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек. Елбасымыз Н.А. Назарбаев айтқандай: «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында».

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. – №1.
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология / Л.С. Выготский. – М., 1998 – 536 с.
3. Леонтьев А.А. Психологические предпосылки раннего овладения иностранным языком / А.А. Леонтьев // Иностранные языки в школе. – 1985. – №5.
4. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе / Г.В. Рогова. – М., 1988. – 224 с.
5. Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам / Н.Д. Гальскова. – М., 2003. – 192 с.

REFERENCES

1. *Qazaqstan Respublikasynyn 2015 zhylqa dejingi bilim beru tuzhyrymdamasy. Qazaqstan zhoqary mektebi*, 2004, 1 (in Kaz).
2. Vygotskij L.S., *Pedagogicheskaja psihologija*. L.S. Vygotskij. M., 1998, 536 (in Russ).
3. Leont'ev A.A., *Psihologicheskie predposylki rannego ovladenija inostrannym jazykam. Inostrannye jazyki v shkole*, 1985, 5 (in Russ).
4. Rogova G.V., *Metodika obuchenija anglijskomu jazyku na nachal'nom jetape v srednej shkole*. G.V. Rogova. M., 1988, 224 (in Russ).
5. Gal'skova N.D., *Sovremennaja metodika obuchenija inostrannym jazykam*. N.D. Gal'skova. M., 2003, 192 (in Russ).

УДК 159.923

К.К. СЛЯМОВА, Н.А. ЗАВАЛКО

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ЭКЗАМЕНАЦИОННАЯ ТРЕВОЖНОСТЬ У ШКОЛЬНИКОВ,
ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ ТРЕВОЖНОСТИ

В данной статье представлены особенности проблемы экзаменационной тревожности (стресса) у школьников. Продемонстрировано, что экзаменационная тревожность непосредственно взаимосвязана с проверкой знаний учащихся, их самооценкой и компетенциями. Описаны различия ситуативной и личностной тревожности. Наглядно представлены результаты тестирования методики Спилбергер-Ханина.

Ключевые слова: экзаменационный стресс, тревожность, школьники, дифференциация тревожности.

ОҚУШЫНЫҢ ЕМТИХАНДАҒЫ ҚОБАЛЖУЫ, МАЗАСЫЗДЫҚТЫҢ
ЖІКТЕЛУІ (САРАЛАНУЫ)

Берілген мақалада оқушылардың емтихандағы қобалжу мәселелері ұсынылған. Емтихандағы қобалжу оқушылардың білімдерін тексерумен олардың өзін-өзі бағалау мен біліктіліктері тікелей байланысты екені көрсетілген. Ситуативті қобалжу мен жеке қобалжудың айырмашылығының сипаттамасы ұсынылған. Спилбергер-Ханиннің әдістемелік тестінің қорытындысы көрнекілік арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: емтихандағы қобалжу, мазасыздық, оқушылар, мазасыздықтың жіктелуі.

EXAMINATION UNEASINESS OF THE SCHOOL STUDENTS,
DIFFERENTIATION OF UNEASINESS.

This article presents the peculiarities of the examination uneasiness (stress) problem of the school students. It was demonstrated that the examination uneasiness is directly connected